



Әлішер НАУАИ

ЕСКЕНДІР ҚОРҒАНЫ
ҒАЗАЛДАР

әлем әдебиеті кітапханасы







**“МӘДЕНИ МҰРА”
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
КІТАП СЕРИЯЛАРЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ
НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ
БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ**

**АСТАНА
2008**

“МӘДЕНИ МҰРА”
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫН
ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ
ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТІҢ ҚҰРАМЫ

Әшімбаев М.С., кеңес төрағасы

Асқаров Ә.А., жауапты хатшы

Абдрахманов С.

Аяған Б.Ғ.

Әбусейітова М.Қ.

Әжіғали С.Е.

Әлімбай Н.

Әуезов М.М.

Байпақов К.М.

Биекенов К.Ү.

Бұрханов К.Н.

Досжан А.Д.

Ертісбаев Е.Қ.

Есім Ғ.

Қасқабасов С.А.

Қошанов А.

Нысанбаев Ә.Н.

Салғара Қ.

Самашев З.

Сариева Р.Х.

Сейдімбек А.С.

Сұлтанов Қ.С.

Тұяқбаев Қ.Қ.

Түймебаев Ж.Қ.

Хұсайынов К.Ш.

Шаймерденов Е.

Әлішер НАУАИ

ЕСКЕНДІР ҚОРҒАНЫ
●
ҒАЗАЛДАР



әлем әдебиеті кітапханасы

Нұсқарма


**“Мәдени мұра” мемлекеттік бағдарламасы
көркем әдебиет секциясының мүшелері:**

Кекілбаев Әбіш (серияны құрастырушы), Абдрахманов Сауытбек
(төрага), Әбдіков Төлен, Асқаров Әлібек, Бельгер Герольд,
Елеукенов Шерияздан, Нұрғали Рымғали, Нұрпейісов Әбдіжәміл,
Михайлов Валерий, Мұртаза Шерхан, Мырза Әли Қадыр,
Оразалин Нұрлан, Сүлейменов Олжас, Тарази Әкім,
Шапай Тұрсынжан, Юсупов Кеңес.

*“Ескендір қорғаны” дастанын өзбек тілінен аударған Несіпбек Айтұлы,
Ғазалдарды аударған Қалижан Бекхожин*

Н 27 Науаи Әлішер. Ескендір қорғаны (Дастан). Ғазалдар.
Астана: Аударма, 2008. – 408 бет.

ISBN 9965-18-235-3 /



ББК 84 (5 Узб)-7

ISBN 9965-18-235-3

© “Аударма” баспасы, 2008.

КӨРКЕМ СӨЗ КҮМБЕЗІ

Түркі тілдес халықтардың әдебиеті тарихында данышпан ақын әрі ойшыл Әлішер Науаидың алатын орны ерекше. Оның көркем ғазалдары, даналыққа толы дастандары, әдеби зерттеулері мен тарихи еңбектері ғажайып кең көркемдік әлемі. Классикалық ортаазиялық түркі әдебиеті тұңғыш рет жаһандық даңқ пен беделге Әлішер шығармалары арқылы көтерілгенін еске түсірсек те, осы шындыққа көзіміз жетеді. Жер жүзіне атағы мол жайылған шығыстың үш әдебиеті – араб, парсы, түркі тілдеріндегі жазба әдебиет сөз болғанда соңғысының гүлтәжі секілденіп, ең алдымен, Әлішердің шерлері (өлеңдері) мен әйгілі бес дастаны – “Хамса” аталады. Бүгінгі қауым, келешек ұрпақ түркі тілдес әдебиеттің парасат, көркемдік деңгейін теңдесі жоқ биікке көтерген, оны барша халықтарға мойындатқан Әлішер Науаи мұрасын заңды мақтаныш ете алады.

Жалпы қандай да болмасын әдебиеттің халықаралық мәнге ие болуының өзіндік себептері мен шарттары аз емес. Бұл бәрінен бұрын, белгілі бір елдердің мәдени, саяси өрлеу кезеңдеріне байланысты нәрсе. Орта Азия мен Қазақстанның түркі халықтары тарихындағы мұндай дәуір аты шулы Әмір Темір билеген заманға тұтас келген еді. “Жер жүзі екі патшалыққа аздық етер еді”, – деп әлем үкімдары болуды көксеген қатыгез жаулаушы қолбасының кезінде көп елдерге зор қиянат жасағаны талай мемлекетті ақ найзаның күшімен бағындырып, қарсыласқандарды аяусыз қанға бояғаны мәлім. Сонымен қатар Әмір Темір өз империясының сән-салтанатын көтеруді, туған жеріне ғылым, өнер адамдарын жинауды ескерген. Елі күштінің сөзі де күшті. Дәл сол дәуірде ортаазиялық (қазір ескі өзбек тілі деп те аталып жүр) түркі тілінде көптеген шығармалар туады, ғылыми еңбектер жазылады. Тұранға тәуелді көптеген елдерде

түркі-қыпшақ тілінің өрісі Еділден Египетке дейінгі атырапқа жайылса, Әмір Темір дәуірінде түркі тілінің қадірі қайта көтеріледі, сапалық жаңа биікке шығады. Тұран мен Қорасанда бұл бағытта талай-талай ғалымдар мен шайырлар қажырлы қызмет етеді. Әлішер өмір сүрген кезеңдегі билеуші Құсайын Байқара тұсында да осы дәстүр жалғаса, дами түседі. Сонымен түркі тілдес әдебиет пен мәдениеттің дәуірлеуіне негіз болған бірнеше жағдайды бөліп айтуға болады. Олар: Тұранның қуаты мен айбынының өсуі, мемлекет байтағына (астанасы) заманындағы білімдар, түрлі пән, өнер адамдарының шоғырлануы, адамзат ақыл-ойының жемісін түркі тілінде сөйлетудің анық қажеттігі тууы, өзге жұрттардың осы тілді игеруге саяси, әкімшілік қажеттері жағынан мүдделі болуы...

Әлішер Науаидың шығармалары дәл осындай сәттіліктер тоғысқан ғасырмен тұспа-тұс жазылды. Ол араб, парсы, түркі тілдеріндегі білім, ілім қазынасын игеріп, дүние тарихын өз тарапынан толғай аларлық дәрежеге жеткен ғұлама да еді. Әлішердің тарихи, әдеби, лингвистикалық, өлең сөз назариясы (теориясы) тақырыптарына арналған еңбектері білімнің алтын желісіндей. Осындай айрықша біліктілік пен ақындық дарын қосылуы оның мәңгі өшпейтін көркемдік күмбезін жасауға мүмкіндік берген.

Ұлы шайырдың ең үздік шығармалары бес дастаннан тұратын “Хамсасы”. Заманнан заман өтсе де, бұл туындылардың көркі мен нұры көмескі тартқан жоқ. Өзінен бұрын парсы тілінде “Хамса” күмбезін тұрғызған Низами мен Дехлевиден соң әдебиет тарихында осындай мұғал көркем ғимарат соққан бірден-бір шайыр Әлішер Науаи ғана. “Ескендір қорғаны” дастанының соңғы жағында ақынның:

Бес кітап – бес қазына асыл маржан,
Көшеді ғасырларға ғасырлардан, –

деп мақтанышпен мәлімдеуіне толық хақы бар еді.

“Хамса” түрлі тақырыпқа жазылған бес дастанның қосындысы ғана емес. Оның үлкен ерекшелігі заманындағы ақыл-ой, ғылым, адамшылық білімі жетістіктерін жинақтап, жүйелеп, көркемдік энциклопедиясын жасауында. Сондықтан да әзірбайжанның кемеңгер ақыны Низамиден басталған хамсашылық дәстүрі жер жаһанның көркемдік дамуына қосылған үлес болып саналады. Бұл шығармалардың өшпес мәні әсіресе адамгершілік сұраулары мен мұқтаждарына жауап айта алуында, адамзаттың өмір оқулығына айналуында. “Хамсада” көтерілген тақырыптар мен идеялар, аңсарлар мен мұраттар адам қауымы бар жерде үлгілік, ғибраттық күшін жоймайтын, әр буынның алдына қайталана тартылатын өнегелер. Бір ғажабы – “Хамсада” сөз болатын мәселелердің жалпы сарынында белгілі бір ұқсастықтар, оқиғалық қайталаулар бар екеніне қарамастан әрбір үлкен ақын оларды өз кезеңінің ділгір

сауалдарына лайықтап, тың өрнектер қосып, жаңа қуатпен байытып отырған. Әлішер Науаидың “Хамсасы” осындай көп қасиетінің арқасында түркі тіліндегі көркем сөз өнерінің ұлы ескерткіші болып қалды.

Әлішер Науаи қаламынан туған “Бестіктің” алғашқысы “Хайрат-ул-абрарда” аса маңызды әлеуметтік, философиялық, адамгершілік, тәрбиелік мәселелер күн тәртібінде қойылып, көркемдік шешімдер беріледі. Мысал, тәмсіл, аңыз түрінде, кейде тікелей ғибрат сипатында айтылатын әңгімелер дастанның өн бойында маржандай тізіледі. Еңбек пен өнер, отаншылдық пен қаһармандық мадақ етілетін “Фархад пен Шырын” шайырдың шабыт шалқарынан туған бірегей бітімді шығарма. Мұнда ақын ертеден айтылып келе жатқан оқиғалық сарындарды мүлде тың өрнекке бөлеп, күллі адамзатқа ортақ қымбат идеяларды көтере алған. Кіршіксіз махаббаттың мәңгілік жыры – “Ләйлі-Мәжнүннің” сарынын түркі тілінде кең таратуы да ақынның елеулі еңбегі. Ал “Сәбғәй сәйәр” дастанында шайыр қаһармандар мінезін ерекше шебер беруге ұсталығын көрсетеді. Мұнда адам мінезінің небір қалтарыстары мен қайшылықтары білгір баяндалған. Тағдырлар мен мінездер даралығын суреттеуде ақын бұрынғы дастандарына қарағанда тағы да тереңдей түседі. Баһрам шаһ пен Диларам сұлу тұлғалары адам бейнесін жан-жақты мүсіндеудің үздік үлгілері қатарына қосылады. Осылайша өзінің әрбір жаңа дастанында Әлішер Науаи тың оқиғаларына ғана қадам басып қоймай, заманалық соны адамгершілік, этикалық мәселелерді де шешуді көздейді. Бұл дастандардың өміршендігі де оларда жалпы адамзаттық ірі проблемалардың көтерілуінде, адам атын ардақтайтын асыл идеялардың молдығында. Осындай қасиеттерімен Әлішер Науаи дастандары біздің заманымыздың мақсат-мұратымен де өзгеше үндестік табады. “Хамса” тізбегінің соңын “Ескендір қорғаны” дастаны тұйықтайды. Түпнұсқада “Садди Искандери” деп аталған бұл шығарманы ақын 1485 жылы жазған. Қазақ тілінде тұңғыш рет тәржімаланып, жеке кітап ретінде ұсынылып отырған шығарманың оқиғалық негіздері, мазмұны және мұндағы идеялық аңсарлар, тың шешімдер, мәнді тұжырымдар, өшпес өмір сабақтары туралы аз-кем тоқталып өтуіміз ләзім.

Александр Македонский (шығыс халықтары оны Ескендір Зұлқарнайын деп атаған) ежелгі дүниенің ең даңқты қаһармандарының бірі. Ол біздің заманымыздан бұрынғы 356-323 жылдар арасында өмір кешкен атақты патша, аса көрнекті мемлекет қайраткері әрі ұлы қолбасы. Македонский жайындағы батыс, шығыс тілдерінде жазылған еңбектердің өзі ұшан-теңіз. Македония патшасы II Филипптің баласы Александр өзінің өмірінде із қалдырған даңқты әскербасы, дүние жүзінің көп елдерінде билік жүргізген патша. Оның жаулаушылық жолы Македонияға көршілес отырған елдерді басып алудан басталады. 334 жылы ол ең күшті мемлекеттің бірі Персияға қарсы соғыс ашады. Оның қарауында отыз

мың жаяу әскер, бес мың атты әскер болған делінеді. Бұл ерте дүние мөлшерімен алғанда өте көп сан. Міне, осындай күшпен және асқан шебер қолбасшылық өнермен Александр өзінен әскер көлемі анағұрлым артық жатқан Дарий патшаны жеңеді. Египетті, Вавилонды қаратады. Аз жылдардың ішінде ол солтүстік Африка мен Қытай аралығында талай елдерді өзіне бодан етіп алады. Александрдың ел жаулау мен халық билеудегі орасан жеңістері өз кезегінде-ақ аңызға айналған, көп тілдерде оның тұлғасын мадақтап тіпті әсірелеп сипаттайтын тарихтар мен шығармалар жазылған.

Шығыс поэзиясында Ескендір Зұлқарнайынға арналған шығармалар мол. Солардың ішіндегі ең даңқтылары Фердоуси, Низами қаламынан туған. Әлішер Науаидың ұстазы әрі досы Әбдірахман Жәмидің дастаны да кеңінен мәлім. Қазақтың жаңа жазба әдебиетінің негізін салған ұлы Абайдың Ескендір тақырыбына баруы да кездейсоқ емес еді. Бұл, бір жағынан шығыстағы Ескендірنامه дәстүрін жалғастыру ниетінен туса, ең негізгі себеп көне дәуір қаһарманының өміріндегі істерді көрсету арқылы қауымға ғибрат, кеңес айту тілегіне саяды. Сөз кезегінде, айта кетейік – Абай Ескендірдің жаулаушылық, іштарлық, мансапқорлық әрекетін баса көрсетуді, сол арқылы дүниеге тойымсыздық мінезден жұртшылықты сақтандыруды мақсат еткен... қалай болған күнде де Ескендірنامه замандар бойында талай шаирдың жарыса жазған, өздерінің білік, парасат, көркемдік дарын деңгейін сынға салатын тұрақты тақырыптарының біріне айналған.

Әлішер Науаи дастанының басында Ескендір тақырыбының тарихнамасын тізгендей болады, өзінен бұрын жасаған ұлы шайырлардың талантына тағзым ете, ілтипат білдіре отырып, осы сарынды түркі тілінде қайта жаңғырта жырлауға бел байлағанын айтады, дастан ақырында, біткен істің мәнін түсіндіреді. Оның:

Жан-жаққа көз жіберіп жалтақтадым,
Түркіден мұндай асыл мен таппадым, –

деген сөздері іске саналы түрде, іргелі, елдік мақсат көздеп қол артатынын дәлелдейді.

Дастанда Ескендір өмірі мен істерінің ұлы желісі берілген. Әсіресе оның жас кезінде алған тәрбиесі мен үйренген өнері кең таратылып айтылады. Бұдан шайырдың жан-жақты жетілген, Абай айтқандай, кәміл адам тәрбиелеу мұратына айрықша мән бергені көрінеді. Ескендір жасында дана ұстазы Арастудан білім үйренеді, сан түрлі өнерге төселеді. Шайыр Ескендір басына биік адамдыққа тән қасиеттің бәрін жиып береді. Атап айтқанда, жас қаһарманның “қара бұлғын, қызыл түлкі” – дүние-мүлікке қызықпай, әділдік, парасат, қайырымдылық таразысын тең ұстап өскендігін үлгі ғып тартады.

Ой – асыл, жүрек батыл, ақыл – саңлақ,
Алтындай әр сөзінде жатыр салмақ...

Ескендір батыс пен шығыстың көп елдерін өзіне қаратады. Соғыс өнерінде оған теңдес келетін хан да, патша да табылмайды. Оның осындай айбатын, кемеңгерлігін сезген елдердің басшылары өз еркімен бағынып жатады. Ескендір жеңілген немесе бағынуға ризалық білдірген мемлекеттердің ханына да, қарашасына да зәбір көрсетпейді. Ашық келген жауға қандай қатал болса, бейбітшілік, ынтымақ қолын созғандарға кешіріммен қарайды. Қарсыласқан немесе қастандық жүргізген дұшпандардан кек алу жолын Үрім билеушісі кейде айналасындағы ақылшылармен кеңесіп отырып шешеді. Мәселен, оның ырқына көнбей сиқырлы от боранын соқтырған Кашмир ханының айласын сезіп, ғалым көмекшілердің ақылымен дегеніне жетеді. Халқы да, әскері де көп Үндістан мен Қытай мемлекеті соғыссыз беріледі. Күншығыстың шетіне дейін жорықпен өткен Ескендір қайта оралып, Африкаға беттейді. Мұнда да ол талай жаулармен шайқасады, кейде ол мағынасыз шығынға бармай, көздеген бағытынан іркіле де біледі. Ақырында Ескендір әскері адамзатқа апат келтіріп жүрген сұрапыл жау мәуждерге қарсы соғысқа шығып, оны да жеңеді. Осы бір қорқынышты тажал күштің жолына бөгесін болсын деп қорған үйдіреді. Бұл “Ескендір қорғаны” аталады. Бейнелі мағынасын алғанда, бұл қорған күллі жауыздық атаулыға жасалған тосқауыл деген ойды меңзейтіндей... Жердің үстінде алмаған ел қоймаған Ескендір енді жүздеген кемелер жасатып, мұхиттарда жүзеді, жеті теңіз, жүз өзеннен, он екі мың аралдан өтеді. Су асты әлемінің сырына да көз жеткізеді. Осылайша жер мен судың ғаламын түгел көзден өткізгеннен кейін ғана туған еліне, Үрімге оралуды ойлайды.

Дастанның негізгі идеясы “артық жаралған” айрықша адамның өмір жолын, атқарған істерін баяндау, оны барлық жағынан да үлгілі патша етіп көрсету. Ескендірдің сан қырлы қасиетін жырлауға шайыр сөз меруертін төккен. Қаһарманның батыр тұлғасы:

Қайраты қара дауыл үйіргендей,
Гүрзісі тасты үгітті диірмендей, –

деп сипатталады. Ал Ескендірдің елге деген қамқорлығы да:

Ақ жолдан, әділдіктен ауытқымай,
Апатта қорған болған халыққа ұдай, –

деп мінезделеді.

Ақынның ой түкпіріндегі аңсары елге жайлы, ақылды, қайырымды, жұртшылық мұңы мен мұқтажын түсінетін елбасшысының “мінсіз” бейнесін жасау. Ол патша мен халықтың мүдделері жарасқан шын ынтымақ қоғамын арман етеді.

Демей ме үйірілер бақ пен даңқ,
Табысса ғашықтардай шах пен халық.

Ізгі патшаның тұлғасын жасау әрекетіне ақын неліктен барған деген сұрауға жауап табу қиын емес. Әлішер Науаи өмір кешкен заманда Өмір Темір әулеті тақ пен тәж үшін өзара жауласып, елдің берекесін кетіргені белгілі. Мансаптың қызығына, байлықтың дертіне шалдыққан әкімдер өз қара басының мүддесі үшін халықтың тыныштығы мен бақытын құрбан ете беретін еді. Осындай сан сорақылықтың куәсі болған Әлішер ерте дәуірде өтіп кеткен Ескендір патшаның бойына барлық жақсылық атаулыны жиып беруге тырысқан. Сондағы ойы шығармасы арқылы қалың елге әсіресе ақылын ашуға билетіп кете беретін Құсайын Байқара сияқтыларға ғибрат өнеге тарату болатын. “Ескендір секілді әрі әділ, әрі ақылды патша бол” дегенді ол дастан арқылы сездіруге талаптанады. “Ескендір қорғанының” дүниеге келуіне себепкер болған негізгі түрткі осы деп білеміз. Кейде ғибрат, кейде тәмсі-мысал арқылы да ақын жүйелі ойларын пысықтай түседі. “Ескендір қорғаны” дастанында Үрім патшасының өмірі мен жорықтарына тікелей қатысы жоқ қаншама қосалқы өсиет, үлгі сөздер беріліп отыруының сыры да осы айтылғанға байланысты. Оның үстіне әрбір тарау соңында шайырдың шарапқа мадақ айтатын қорытынды жолдарында да қаншама терең пікірлер үстемелене беріліп отырады.

Дастанда өмірдің сан алуан сауалдарына жауап дерліктей түйінді ойлар тізбегі мол. Бұндай сөздер қарапайым халыққа да, айбынды ұлыққа да қарата айтылғандай.

Жоқшылық жомарттықты бөгей де алмас,
Ер жігіт жаны дарқан кедей болмас...

Сұңқарға бұлттан асып қанат қаққан,
Пенденің оғы жетпес жерден атқан...

Қашан да зор биліктің жолы тараң,
Қылп етіп қылдан тайсаң күнің қараң...

Биліктен опа көрген адам бар ма,
Ұқсайды қатыгездік терең жарға...

Тағдыры теңгерілді ақырда бір,
Өлген соң патша да бір, пақыр да бір.

Қиратқан екі шаһтан жердің үстің,
Сыйласқан қуаттырақ екі мүскін...

Жан бар ма жұмыр басты өлмейтұғын,
Соңында сөзің қалсын сөнбейтұғын...

Әлішер Науаи аса бай түркі ауыз әдебиетін жақсы білген. Қаһармандардың бет-бейнесін, мінез-кұлқын, іс-әрекетін суреттегенде фольклорға тән әсірелеу тәсілін жиі қолданады. Мұндай көркемдік әдіс жалпы романтикалық поэзияға да хас белгілер еді. Сондықтан шайырдың Ескендірді елден ерек, артық туған жан етіп сипаттауы табиғи деп қарау керек. Эпос ерлерінің шектен асқан жойқын батырлықтары әдейі әсірелеу екенін білеміз. Сонда да болса ол бейнелер бізге өте жақын сезіледі. Өйткені сол тұлғалар арқылы халықтың жақсылық, әділдік, бақыт туралы ұғымы мен аңсары көрінеді. Соғыс суреттерінде де эпос өрнегі айқын танылатын сәттер бар. Мәселен батырдың келбеті:

Жігерлі жолбарыстай, жойқын пілдей,
От шашар жанарынан қорқу білмей...

секілді теңеулермен берілсе, ұрыс майданының көрінісі де сұсты:

Секілді жер қозғалып, аспан көшкен,
Түркілер қимылдады астан-кестен...

Құрсанып мұздай темір шегеді айбат,
Жарқылдап шеркеш қылыш төбеде ойнап...

Дастанның негізгі нысаны Ескендірдің жаһанды билеген жауынгерлік жолын көрсету ғана емес, оның осы данққа қандай қасиеттерімен жеткенін көрсету басты уәзипа болған секілді. Бұл тұрғыдан алып қарағанда шығарманың жамағатшылықты адамгершілікке үндеу сарыны басым жатқаны сезіледі. Шайыр тек дүние-мүлік жинау мақсатында ғана барлық ақыл, айланы сарп ету әурешілік деп біледі. Ол өз еркімен мансаптан тартынған бір кісінің: “өлгендердің курап қалған сүйегінен тіршілігінде кімнің патша, кімнің кедей болғанын ажырату мүмкін емес екен” деген сөзін мысал ретінде әдейі келтіреді. Енді бірде ақын “көңілі дарқан – кедей емес, рухы кедей – бай емес” деп мәлімдейді. Бір мәрт адамды көргенде Ескендір оған “мен әлем билеушісі болсам, сен менен де биік тұрсың”, – дейді. Қара сөзге айналдырғанда нақылдай, ғибраттай естілетін тіркестер дастанның бәйіт қатарларында толып жатыр. Мәселен, билік пен данқ – саяз өзен, жақсылықты көп жасаған адам ғана ақиқатқа жақын, ізгілікті кезінде жаса, мансаптың құлы болма, арыстан міндетін құмырсқа, піл жүгін қанден көтере алмайды, әділдік – тәждің көркі, тұйық су өзенді білмейді, дүниеге қызықпа, пәниді ұмытпа; ақиқатты сүйіп, адамшылық жаса; жүзуді үйренбей тұрып, өзенге күмп берме; жасында ісі шаланың қартайғанда күні қараң; айбынмен емес ақылмен, қылышпен емес, қылықпен жең тәрізді тұжырымдар өмір тәжірибесінен қорытылғаны көміл.

Әділ патша, ақылды, қайырымды, дана билеуші аңсау ғылым мен әдебиетте ежелден көтеріліп келе жатқан тақырып. Қазақ жерінің ғұлама перзенті, кезінде “шығыстың екінші ұстазы” атанған Әбунасыр Әл-Фарабидің еңбектерінде де бұл тақырып арнаулы баяндалған. Ғалым “Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы” деген рисала-трактатында мемлекет басшысының кемелдігі игілік, топастығы сор екенін жан-жақты дәлелдеген болатын.

Батыс пен шығыстың қаншама ойшылдары адамзат тағдыры үшін аса маңызды осы мәселеге талай рет қайта оралған. Кездейсоқ үкімет басына шығып алып, сойқан салған, қарауындағы елге кесапат келтірген тажалдай надан, жәһіл әкімдерді көне тарих көп көрген. Ондай қырсықтан арылуды адам қоғамы тауып болады деп айту қиын. Ел тағдырын ойлауға білімі де, тағылымы да, тәрбиесі де, тәжірибесі де жетпейтін, бірақ мансап жолына жанын жалдайтын, биік орынды өзінің ғана мүддесіне жарататын, үлкен мәселелерді шеше де, білікті адамдармен кеңесе де білмейтін мансапқорлар қырсығынан қауымның көз жасы қанша рет сел болып аққанымен, жылпос пен жағымпаздың жолына тосқауыл қою оңай болмаған. Сондай жағдайда елдің мұңы мен зарын терең түсінетін жанашыр жандар, қиялдан болса да, жақсы үлгілер іздеп, зұлымның тас пейілін жібітіп, көкірек-көзін ашуға, әділдік, адамшылық жолына салуға ниеттенген. Дүниедегі жөнсіздіктің түбірі шенқұмар, баққұмарлықтан, байлыққа құныққандықтан, күншілдік пен іштарлықтан, қанағатсыздықтан, мейірімсіздіктен деп түсінген ұлы ойшылдар адам баласын жарамсыз істерден шошытуға, жақсылыққа бейімдеуге бейіл берген. Бұрынғының күллі ғұламалары мен шешен шайырлары қосылып өнегелер ережесін, ғибрат кітабын жазуды көздегені сондықтан. Бір сөзбен айтқанда залымдарды әшкерелеп, бейшара момындарды қуаттап, қолдау – ертедегі назым (поэзия) мен нәсірдің (проза) ұлы сарын, желілері болатын...

“Ескендір қорғанының” ғасырлар бойында халық арасына кең танымал болуының, оның мазмұны жазбаша да, ауызша да кең жайылуының бір сыры шығарма бойындағы осындай адамзатқа ортақ ұлы идеялардың молдығында болатын. Әр заманның бүлдіргіш билеушілерінен запы болған, кейде зәредей адамшылығы, азаматтығы жоқ, сезімі бітеу жандардың “бағы жанып” мансап биігіне момын көпшілік басына төнген тауқыметтен құтылудың шарасын таба алмай, нағыз өнегелі үкімдарды аңыздан, ертегіден іздеп көрген. Көп ақындардың ертедегі Ескендір тарихына орала береті себебі де осыдан...

Дастанның тартымдылығы ұлы шындықтарды жырлауында ғана емес, зор көркемдік қасиетіне де байланысты. Қаламынан сан мың жол ғажайып ғазал, өрнекті өлең туған Әлішердің дастаншылық тәжірибесіндегі соңғы туындылардың бірі “Ескендір қорғаны”, оның шеберлігі әбден толысқан

шағында дүниеге келген. Сондықтан да мұнда шайыр ірі оқиғаларды баяндау мен мысал, өнеге сөздерін зергердей бітімдестіріп, өзгеше көркемдік күмбезін тұрғызған. Дастанда байлық та, батырлық та, мәрттік те, сақилық та өрімдей тізіліп, өшпес сурет болып сипатталған. Шығарма шырайын арттырып тұрған нақышты тұстардан тағы да бірнеше мысал келтірейік. Үнді жерінің құстар әлемін бейнелейтін бәйіттердің өзі шайырдың сөз ұсталығына көз жеткізеді.

Зер тұмсық, жақұт қанат күн нұрындай,
Даусы меруерт, маржан сынғырындай...

Құйрығы кемпірқосақ секілденген,
Басында алтын айдар кекілденген...

Бір шетте тандайының балын жұтып,
Сайрайды қара торғай тамылжытып...

Нәп-нәзік көмекейі бүлкілдейді,
Мамығы алтын түстес үлпілдейді...

Алтынмен қауырсыны апталғандай,
Жарқырап айдарында от жанғандай...

Үлде мен бүлдеге әбден малынғандай,
Басына жібек желек жамылғандай...

Құбылып қанаттарын дүр қаққанда,
Жайнайды әсем тауыс бір қапталда...

Қырғауыл, кекіліктер жүр шалғында,
Көз тартар көмілгендей мың сан нұрға...

Әлішер Науаи бес дастан жаратып, көркем сөзден мәңгілік мұнара орнату мұратына тек өлеңқұмарлықтан немесе нәпақа табу мақсатынан барған емес. Оның арманы тым асқақ жатыр. Түркі тіліндегі поэзияны мазмұн, түр жағынан небір сөз патшаларын тудырған парсы әдебиетінің деңгейіне жеткізуді, туған халқының көркемдік мәдениетін барынша жетілдіруді саналы уәзипа етіп алдына қойған ақынның алыптық әрекеті қайран қалдырады... Бұдан шығатын тағы бір қорытынды – ұлы шығармалар отаншылдық ұлы ойлардан ғана туатындығы. Көптеген замандас әріптестері “парсы тілінде жазу ұтымды, түркі тілінде ойынды шырқап айта алмайсың” деп астамшылық көрсетіп жүргенде Әлішер Науаи түркі тілінің орасан бай, икемді екенін ғылыми талдаулар арқылы

да, өзінің қуатты ақындық қаламымен де дәлелдеген. Әлішердің басқа көп суреткерлерден оқшау озық тұратыны, күллі түркі тілінде жазатын ақындардың атасы атанатыны оның осындай принциптік күресіне, Байкалдан Балқанға дейінгі атырапты алып жатқан елдердің көркемдік ойлау мүмкіндігін жаһандық қатарға қосуына тікелей қатысты...

Қазақ тіліне аударылған кітап саны бұл күнде ондап, жүздеп саналады. Ол тәржімалардың ішінде көркемдік мәдениетіміздің өз мүлкіндей болып кеткен сәттілері де жоқ емес. Шығыстың ұлы шайырлары Низамиден, Омар һәйямнан, Сағдиден, Ж.Румиден, Х.Хафизден, Мақтымқұлыдан аударылған бірсыпыра шығармаларды осы топқа қосамыз. Еуропа халықтары әдебиетінен қотарылған туындылар өз алдына бір төбе... Дарынды ақындарымыздың бірі Несіпбек Айтовтың “Ескендір қорғанын” аударып шығуы тамаша табыстай сезіледі. Аударманы байыптап оқыған кісі оның сәтті орындалғанын бағалар деп сенеміз. Сөздік қорының байлығы, қазақтың ауызша және жазбаша әдебиетінің қазынасын еркін меңгергендігі аудармашыға ұлы дастанның ауыр жүгін көтеруге мүмкіндік берген. Оның үстіне Несіпбек поэзиямыздағы “шығыстық” сөз қабаттарын да жақсы пайдаланғанын көреміз. Сол себептен көп ретте дастанның ойы анық, бояуы қанық болып шыққан. “Ескендір қорғаны” сөз өнерін қадірлейтін жұртшылыққа жақсы тарту...

Рахманқұл БЕРДІБАЕВ

ЕСКЕНДІР ҚОРҒАНЫ

Ескендір хақындағы дастанның басталуы, бұл ақиқат шыңына жетелейді. Тәңірі жібеген оның шынайы өмір тарихының егжей-тегжейлі баяндалуы және оның дүниеге келуі туралы жазылған аңыздардың қайшылығы, сол алишайқты зерттеушілердің қалыпқа салу үшін талпынуы, сөйтіп, оның дүниеге келуі туралы ақиқаттың ашылуы. Файлакұс патшаның мәңгілік қақпасын ашып, сапар шегуі, оның тағы мен тәжін мұрагері Ескендірдің иеленуі.

Қаламмен кім тірілтсе бұрынғыны,
Сырылар кереметтің шымылдығы.

Билепті жер жүзінің дүйім елін,
Төрт әулет тұтқасы боп дүниенің.

Жыл тұрып төрт мың үш жүз отыз алты,
Және он ай жалғасыпты ата салты.

Олардан асып туған жан болмаған,
Әмірін жүргізбеген жер қалмаған.

Бұзылып бейбіт тірлік мың жылдаған,
Кетіпті елдің сиқы сол бір заман.

Келсе де қаншалықты кемеліне,
Жете алмас патша біткен дегеніне.

Тағдырдың тартуындай асыл текті,
Ескендір¹ аз уақытта өсіп жетті.

¹ Ескендір – атақты шах Александр Зұлқарнайын (Македонский).

Тәңірі адамзаттан артық еткен,
Жайылып шартарапқа даңқы кеткен.

Ал енді біразырақ аялдайын,
Сыр ашып, шыққан тегін баяндайын.

Жырладым төрт әулеттің көркін сәндеп,
Ескендір туды өткен соң екінші әулет.

Қияндар¹ орын теуіп тақтан ғана,
Отырды соңғы ұрпағы – Бахман Дара²

Патшасы тарту тартып жер жүзінің,
Пәнидің Дара көрген бар қызығын.

Сол тұста аралығын Үрім³, Рус⁴,
Бір өзі билеп тұрған Файлақұс⁵.

Көркіне қылығы сай жаратылған,
Жан екен періштедей дара туған.

Низами⁶ ақындықтың тәңірі еді,
Патшалар тарихына көміл еді.

Кітабы – сөнбейтін нұр, ертегі-жыр,
Былай деп дастаныңда шертеді сыр:

Болса да бағы асқан жан ғаламдағы,
Баланың өткен еді оған зары.

Ұрпақсыз өмір – мәнсіз аққан судай,
Тәңірден ұл тілепті жатпай-тұрмай.

Саяхат, салтанатпен көңіл емдеп,
Бір күні аңнан қайтты серуендеп.

² Қияндар – Иранды билеуші патшалардың әулеті – кайянилар.

³ Бахман Дара – Қияндар әулетінен шыққан соңғы шах. Біздің ж.с. 330 ж. бұрын өлген.

⁴ Үрім – Орта ғасырда қазіргі Кіші Азия (Византия) мен Греция Рум деп аталған.

⁵ Рус – орыс мемлекеті.

⁶ Файлақұс – Ескендірдің әкесі II Филиппті шығыс халқы осылай атаған.

⁷ Низами – Әзірбайжанның ұлы ақыны Низами Ганжауи (1141-1203)

Қалқиған құла дүзде ескі тамды
Ымыртта анадайдан көзі шалды.

Қақпасы, қабырғасы аңыраған,
Үрейлі іші көрдей қаңыраған.

Қаперсіз келген патша мұны көріп,
Көңілі құлазыды күңіреніп.

Әлгі үйде әйел жатыр азаптанған,
Босанып, үзілуге аз-ақ қалған.

Жан емес, жалған емес – қимағаны,
Қия алмай нәрестесін қиналады.

Ыңырсып, ақтық рет қыбыр етті,
Құлақта сәбиінің үні кетті.

Сезініп жалғыздығын бала сірө,
Жатқандай аза тұтып анасына.

Тосын жай Файлақұстың жанын қозғап,
Қайғыдан от тұтанды, жалын маздап.

Берді әмір сақтандар деп баланы аман,
Өлікке орын сайлап сол арадан.

Патшаның ойда-жоқта бағы жанды,
Баланы бауырына салып алды.

Қойды да Ескендір деп оның атын,
Жасады мұрагерлік салтанатын.

Осынау сәби жайын қылған өсек,
Әлемде тағы да бір жүр қауесет.

Дараға Үрім шахы қыз беріпті,
Миуадай үлбіреген гүл көрікті.

Ерсілеу оқиға боп айталықты,
Дара оны төркініне қайтарыпты.

Ләззатқа батқан бір түн жанып өрттей,
Сұлуға төгіліпті меруерттей.

Күн өте көрініпті нұр сәулеті,
Жарқырап аспан асты, жердің беті.

Парсылар бұл аңызға қанық еді,
Соларға түп-төркіні анық еді.

Әлемде екі Ескендір болыпты-мыс,
Екеуі туған айдай толыпты-мыс.

Әзелден данышпандар даңқ асырған,
Сөз сөйлеп бұрынғы өткен сан ғасырдан.

Көп жерге жалған аңыз болған мәлім,
Әйтеуір, тартпаса екен ел зардабын.

Жалғанда Жәми¹ еді абыз ақын,
Бұл жайды айтса, майын тамызатын.

Тарихтың тереңіне мен де үңілдім,
Ескендір құпиясын енді білдім.

Түбіне бойлай алмай көне сырдың,
Данадан медет күтіп көп отырдым.

Ескендір екеу деген бекер дерек,
Шын болса, Жәми оны білсе керек:

“Деді ол: біреулігі елге баян,
Жұмбағы жалғыз ғана пендеге аян”.

Низами айтып кеткен түп тамырын,
Жәми де солай дейді жұртқа бүгін.

Патшаның ұлы жайлы әңгімені,
Бір білсе, бірге өскен жан біледі.

¹ Жәми – Әбдірахман Жәми. Парсы-тәжік әдебиетінің классигі (1414-1492) Науандың ұстазы және досы.

Сыртқа сөз шығармауға қылды жарлық,
Мен енді ақтарамын сырды барлық.

Таба алмай бас қатырған талай дана,
Сезетін құпия еді сарай ғана.

Файлақұс Ескендірді ұлым деді,
Мысқалдай өгейлігі білінбеді.

Төнті ғып байлығына шартарапты,
Ғаламат той жасады салтанатты.

Патшадан сыйлық алды жердің жүзі,
Баланың жаңа түсті бақ жұлдызы.

Сәбиді жақсы көрді ол ерекше,
Қасында шыр айналды көбелекше.

Тәрбие, тәлім берді кереметтей,
Мақсатты одан өзге керек етпей.

Үлде мен бүлдеге де бөлемеді,
Болсын деп ер көңілді, өнегелі.

Мысқалдап сіңірді оған білім нәрін,
Ұқтырып өмір сырын, ғұмыр мәнін.

Жиналып ғұламалар дәріс берді,
Үйретіп ғылымдағы әдістерді.

Ұстаздық – Нақұмақұс¹ дәстүрі еді
Атағы күллі әлемге мәшһүр еді.

Ақылы дариядай терең еді,
Ғылымда оның орны бөлек еді.

Білетін барлық заттың қасиетін,
Адамзат тәліміне бас иетін.

¹ Нақұмақұс – Нақумахис Аристотельдің әкесі. Ескендірдің алғашқы ұстазы.

Аялы, ойға жолы нұрлы жанар,
Болмыстан беретұғын түрлі хабар

Дананың Нақұмақұс данасы еді,
Арасту¹ озық туған баласы еді.

Әкесі өлгеннен соң орнын басып,
Білімде шамдай жанды нұрын шашып.

Ғылымның қыраны еді заңғардағы,
Пар келер ғаламда оған жан болмады.

Баулытты Ескендірді сол данаға,
Ілімнің нұрын септі ол балаға.

Бақытты білімпаздың жанар түбі,
Оның да даңқы шықты сол арқышы.

Баланың жанарынан ұшқын шашқан
Байқады болашағын әуел бастан.

Дананың жалғыз өзі ғана білді,
Баланың маңдайына не жазылды.

Қай кезде қандай жағдай, не болады –
Қарап-ақ жұлдыздарға жобалады.

“Әлемге деп ойлады ол берді төңір,
Әрі әділ, әрі дана құдіретті әмір.

Атағы аспан астын дүрілдетер,
Айбаты арыстанды дірілдетер.

Патшалар қол астына бағынады,
Айтқанын екі қылмай табынады.

Ғаламды жомарттықпен қаратады,
Тағынан күн сәулесін таратады.

¹ Арасту – атақты Юннан философы Аристотельді шығыс халқы осылай атаған. Біздің ж.с. бұрынғы 380-322 жж. өмір сүрген.